

## Үштөбе ауылдық округіндегі "Мереке" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын алу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 32/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы", 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңдарына сәйкес және 2016 жылғы 26 қыркүйектегі №06-3-02-33/460 "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бұқар жырау аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушының ұсынысының негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үштөбе ауылдық округіндегі ірі қара малдың арасынан бруцеллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлы іс-шараларды жүргізумен байланысты, Үштөбе ауылдық округінің "Мереке" шаруа қожалығы аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 47/01 "Үштөбе ауылдық округіндегі "Мереке" шаруа қожалығы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3571 болып тіркелген, 2015 жылғы 28 қарашадағы № 47 (1133) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған, 2016 жылғы 8 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Айғаным Жолшоровна Ақпановаға жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*Н. Кобжанов*

### "КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы  
ауыл шаруашылығы Министрлігі  
ветеринариялық бақылау және  
қадағалау Комитетінің  
Бұқар жырау аудандық аумақтық  
инспекциясы" басшысының міндетін атқарушы*

*М. Жанашев*

"26" 09 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК